

4-тоқсан		9- сабақ
§ 25	Пәннің атауы: Қазақстан тарихы	9 сынып.
Сабақтың тақырыбы:	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?	
Сабақтың мақсаты:	Бұл сабақта , сендер, Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың басты бағыттарын анықтайсыңдар, еліміздің аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарына талдау жасай отырып, .Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына және еліміздің халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын және БҚЫҰ-ға төрағалық етудегі рөліне баға береміз.	
Сабақтың барысы: Қысқаша конспект.	Қазақстан сыртқы саясатта көп қырлы , сындарлы саясат ұстанады. Қазақстанның ТМД және Орталық Азия елдерімен және Шығыс, Батыс елдерімен байланыстары қарқынды дамуда. Қазақстан Ресей арасында ынтымақтастық тереңдеп дамуына 1998ж 6 шілдесінде Мәскеуде қол қойылған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияның маңызы зор.2005 ж қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасында 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шеғара белгіленген тарихи маңызды құжатқа қол қойылды. Қазақстан-Қытай арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылдан бастап орныға бастады.1993ж 18-20 қазанда болған екі ел Президенттерінің келіссөздердерінің нәтижесінде екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар туралы Декларацияға , әуе қатынастары,тұрғындарға визаларды рәсімдеу тәртіптері,халықаралық автокөлік қатынастары т б маңызды келісімдерге қол қойылды. Қазақстан –АҚШ қатынастарына ҚР Президентінің 1997 жоспары серпін берді.Сапар қорытындысы бойынша 18 маңызды құжатқа қол қойылды., соның ішінде Экономикалық әріптестік жөніндегі бағдарлама,Ядролық қуатты бейбіт мақсаттарға қолдану бойынша ынтымақтастық туралы келісім,Қарашығанақ-мұнай газ конденсаторы кен орнын игеру және Каспий шельфі өнімдерін бөлу жөніндегі келісімдерді айрықша атап өтуге болады. Қазақстан –Түркия арасындағы қатынастар өзара сыйластық пен сенімділік негізінде саяси, сауда-экономикалық,және мәдени-гуманитарлық салалардағы жанжақты тығыз ынтымақтастықты одан әрі тереңдетумен ерекшеленеді. 1992ж Стамбул қаласында түркі тілдес мемлекеттер мәдениет министрлігінің 1-кездесуінде Түріксоидың негізі қаланды. Н.Ә: Назарбаев 2003 ж Түркияға жасаған ресми сапар барысында Астана мен Анкара арасындағы қатынастадың сенімді де тұрақты әріптестік деңгейге жеткендігі айтылды. Еуропалық Одақпен өзара қарым қатынастар тұрақты түрде нығайту Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай келеді және еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге лайықты үлесін қосады.Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты нығайтуға Н.Ә.Назарбаевтың 2000 ,2002 жылдардағы Брюссельге жасаған іс сапарлары ықпалын тигізді. Қазақстан Британ арасындағы саяси диалогтің жиілігі артты.2000ж Ұлыбританияға барған сапарында Н.Ә.Назарбаевтың елдегі саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтап,демократияны дамытқаны үшін,жаһандық ауқымда ядролық қарудан бас тартуға қосып жүрген үлесі үшін Ұлыбритания ханшайымы II Елизавета оған Бірлескен Корольдіктің ең	

жоғарғы наградасы-Әулие Михаил мен Әулие Георгийдің Үлкен Крест орденін табыс етті.

Орталық Азия мемлекеттерімен –
Өзбекстанмен,Қырғызстанмен,Түрікменстан, Тәжікстандағы туысқан мемлекеттер арасында қарым қатынас дами түсті.2007ж ақпанда Н.Ә.Назарбаев Түрікменстан Президенті ұлықтау рәсіміне қатысты.Мамырда Қазақстан-Ресей-Түрікменстан үшжақты саммитіне қатысты.

Тәжікстан Президентінің 2006 ж Астанаға жасаған сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға игі әсер етті, бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды.

Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы.

Қазақстан 2000-2007 жылдарда БҰҰ өткізген барлық басты шараларға белсене қатысты.Соның ішінде 2000 ж Мыңжылдық саммит. БҰҰ-ны реформалаудың негізгі бағыттары белгіленген 2005ж Саммит және басқа ірі форумдар мен конференциялар болды.2002 ж БҰҰ –ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға ресми сапары Қазақстан мен БҰҰ арасында ынтымақтастықты дамытудың маңызды белесіне айналды.

2009ж желтоқсанда Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы Ядролық сынақтарға қарсы «халықаралық күн» деп 29 тамызды бекітті.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының алатын орны ерекше. 1996ж 6 сәуірде Шанхайда 5 мемлекет-Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан шегара аймағында әскери салада сенімді бекіту туралы келісімшартына қол қойды.2017ж ШЫҰ –на мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамындағы отырысы өтіп,қорытындысы бойынша Астана декларациясы және экстремизмге қарсы іс- қимыл жөніндегі ШЫҰ конвенциясы қабылданды.

Сол сияқты Қазақстан Солтүстік Атлантика келісімі ұйымы /НАТО/ арасындағы екі жақты ынтымақтастық 2002 ж қараша айынан жүзеге асып келеді.2006ж Қазақстан мен НАТО арасындағы әріптестік өзара іс қимыл жоспары деңгейіне көтерілді.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық 2000ж Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы шартқа сәйкес құрылды. 2007 ж ЕурАзЭҚ мемлекет аралық Кеңесінің отырысы өтті. Онда ЕурАзЭҚ-қа мүше 3 мемлекет –Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы,Ресей Федерациясы құрып жатқан кеден одағы шарттық құқықтық базасының негізі қаланды.

Қазақстан ЕҚЫҰ және ИЫҰ төрағалық еткен уақытта бірнеше өзгерістер болды. 2010ж ЕҚЫҰ –ға төрағалық ететін мемлекет басшыларының 10 жыл сайын өтетін кезекті саммиті Астана қаласында үлкен табыспен өткізілді. Оған БҰҰ, ЕО, ИЫҰ,НАТО,ШЫҰ және т б халықаралық және аймақтық ұйымдар делегациялары қатысты. Саммит жұмысының қорытындысында Астаналық Қауіпсіздік қауымдастығын қарсы алу қадамы атты декларация қабылданып, онда Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік моделін құру міндеті туралы айтылды.

Сабақ
барысында
орындалатын
тапсырмалар:

«Миға шабуыл»
әдісі

1 -тапсырма «Миға шабуыл» әдісі



Суреттер

https://turkystan.kz/content/uploads/2018/02/f1fd21f1dd73d2e94ae7308eec159161_XL-900x.jpg?token=c326cf4012e1e107d87ef5d0841460b6

<http://www.caportal.ru/uploads/artimage/0487eaa968005e6e603d9c226d0a642e.jpg>

1. Суреттерде не көрсетілді?
2. Сендерде қандай ой туындайды?
3. БҰҰ туралы не білесің?
4. ЕҚЫҰ саммиті туралы не білесің?

Дескриптор:

Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарды айқындап,
Қазақстан Республикасының әлемге танылуын талдау.

Кестені толтыру

2 -тапсырма Мәтінмен жұмыс. «Плюс, минус» әдісі

Сұрақ: Қазақстанның аймақтық және халықаралық қауымдастыққа енуі.

Дескриптор:

- Қазақстанның аймақтық және халықаралық қауымдастықтарға енуінің 2 плюс жағын анықтайды;
- Қазақстанның аймақтық және халықаралық қауымдастырға енуінің 2 минус жағын анықтайды;
- Қазақстанның аймақтық және халықаралық қауымдастырға енуінің 2 қызықты жағын анықтайды

«+»	«-»	«қызықты»
1.	1.	1.
2.	2.	2.

Талдау жасау.	3- тапсырма. Жеке жұмыс «SWOT» талдауы Сұрақ: Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдайды. <table border="1" data-bbox="448 336 1297 454"> <tr> <td><i>Күшті жағы</i></td><td><i>Әлсіз жағы</i></td></tr> <tr> <td><i>Мүмкіндіктері</i></td><td><i>Қаупі</i></td></tr> </table> Дескриптор: • Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланысының 1 күшті жағын көрсетеді; • Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланысының 1 әлсіз жағын анықтайды; • Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланысының 2 мүмкіндігін жазады. • Қазақстанның халықаралық ұйымдармен байланысының қаупін атайды	<i>Күшті жағы</i>	<i>Әлсіз жағы</i>	<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қаупі</i>
<i>Күшті жағы</i>	<i>Әлсіз жағы</i>				
<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қаупі</i>				
Сабақты қорытындылау.	1.Қазақстанның әлемнің жетекші елдермен байланысы қандай? 2.Бітімгершілік күштерінің мақсаты неде? 3. Қазақстан-Америка әріптестігінің нәтижелері қандай? 4.Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қандай деңгейде?				
Үйге тапсырма.	1. § 25- параграфтарды оқу. 2. Оқулықтағы 131-беттегі термин сөздерді дәптерге жазып, олардың мағынасын түсіндіріңдер. 3. «Қазақстанның жаһандық әлемдегі ұстанымдары» тақырыбында эссе жазу.Эсседе көрсетілуге тиіс нақты әрекеттер: - Қазақстанның жаһандық әлемдегі ұстанымдарын айқындау. - ұстанымдардың өзара байланысын көрсету - ұстанымдардың ұйымдасу қағидаттарын анықтау - ұстанымдардың мүмкіндіктері мен қауіп –қатерілерін анықтау - фактілер мен тұжырымдар, себеп-салдарлар арасындағы байланысты орнату -деректердің маңыздылығын бағалап, қорытынды жасау.				